

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы
8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау
(6D011100-Информатика) мамандығы бойынша диссертациялық кеңес

1. Өткізілген отырыстар саны жайлы мәліметтер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы диссертациялық кеңесте 8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100-Информатика) мамандығы бойынша 2022 жылы 6 отырысы өткізілді (01.01.2022–31.12.2022)

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері (бар болған жағдайда).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі.

Ревшенова Махаббат Избасаровна, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Жабаев Ермахан Хурышович, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;

Авдарсоль Сайлаугұл, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

4. Есеп беру жылы ішінде кеңес қараған диссертацияларды қысқаша талдау, келесі бөлімдерді атап көрсету:

Ревшенова Махаббат Избасаровнаның диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Диссертация тақырыбы – Есептеу информатикасын оқытуда болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Мамандығы: 6D011100-Информатика

Ғылыми кеңесшілер – п.ғ.д. Камалова Г.Б., п.ғ.д., профессор Корнилов В.С.

Қорғау 2022 жылдың 4 шілдесінде өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- болашақ информатика мұғалімінің ақпараттық-есептеу құзыреттілігінің мазмұны оның кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерінің бірі ретінде анықталған;

- ақпараттық-есептеу құзыреттілігін дамыту мақсатында құзыреттілік тәсіл негізінде есептеу информатикасы саласында болашақ информатика мұғалімдерін даярлау әдістемесін жетілдіру қажеттілігі негізделген;

- есептеу информатикасы саласындағы дайындық процесінде болашақ информатика мұғалімінің ақпараттық-есептеу құзыреттілігін дамыту мен

диагностикалаудың құрылымдық-логикалық моделі әзірленген және теориялық негізделген;

- ақпараттық-есептеу құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-логикалық моделі негізінде есептеу информатикасы саласында болашақ информатика мұғалімін даярлау әдістемесі жетілдірілген.

2) *диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы:*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы: 2018 жылғы 15 ақпанда бекітілген, № 636, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: 2018 жылғы 31 қазанда бекітілген, № 604, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: 2018 жылғы 31 қазанда бекітілген, № 604, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" Жолдауы.

3) *диссертациялар нәтижелерін практикалық іс-әрекетке енгізу деңгейін талдау*

Ақпараттық-есептеу құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-логикалық моделі негізінде есептеу информатикасы саласында болашақ информатика мұғалімін даярлаудың ұсынылған әдістемесі олардың ақпараттық-есептеу құзыреттілігін дамыту үшін есептеу информатикасы саласындағы болашақ информатика мұғалімдерін даярлаудың оқу процесінде пайдалануға болады.

Ермахан Хурышович Жабаетың диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау;*

Диссертация тақырыбы: Болашақ информатика мұғалімдерін модельдеу негізінде компьютерлік желілерге оқыту әдістемесі.

Мамандығы: 6D011100-Информатика

Ғылыми кеңесшілер: п.ғ.д., профессор Бидайбеков Е.Ы., ф.-м.ғ.к. Жаңбырбаев А.К., п.ғ.к., профессор м.а. Шекербекова Ш.Т., ф.-м.ғ.д., профессор Хеннер Е.К.

Қорғау 2022 жылдың 28 қарашасында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- болашақ информатика мұғалімдерін компьютерлік желілерге бағдарламалық орталар мен толықтырылған шындық көмегімен желілерді модельдеу негізінде оқыту мүмкіндіктері анықталған, қажеттілігі анықталған;

- болашақ информатика мұғалімдерін компьютерлік желілерге бағдарламалық орталар мен толықтырылған шындық арқылы желілерді модельдеу негізінде оқытудың құрылымы мен мазмұны нақтыланған;

- Cisco Packet Tracer, NetEmul және толықтырылған шындық орталарын пайдалана отырып, желілерді модельдеу негізінде болашақ информатика мұғалімдерін компьютерлік желілерге оқыту құралдары жасалған;

- болашақ информатика мұғалімдерін компьютерлік желілерге бағдарламалық ортаны және толықтырылған шындықты қолдана отырып желілерді модельдеу негізінде оқыту әдістемесі жасалған.

2) *диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы:*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы; 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; 2022 жылғы 1 қыркүйектегі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы; 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №961 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасы.

3) *диссертация нәтижелерін практикалық іс-әрекетке енгізу деңгейін талдау*

Компьютерлік желілерді оқытуға арналған «Компьютерлік желілер және Web технологиялары» электрондық құралы және «Компьютерлік желілер және Web технологиялары пәні бойынша зертханалық практикум» оқу құралы әзірленді. Оқу құралы мен электронды құрал болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде қолданыла алады.

Авдарсоль Сайлаугүлдің диссертациясы бойынша:

1) *қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау;*

Диссертация тақырыбы: Критериалды тәсіл негізінде информатика бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамыту.

Мамандығы: 6D011100-Информатика

Ғылыми кеңесшілер: п.ғ.д., профессор Сағымбаева А.Е., п.ғ.д., профессор Заславская О.Ю.

Қорғау 2022 жылдың 28 қарашасында өтті.

Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:

- информатика бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауда критериалды тәсілді қолдану ерекшеліктері анықталған;

- информатика бойынша критериалды тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесінің құрылымдық-мазмұндық схемасы әзірленген;

- информатика бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін құру үшін тапсырмалар мен тапсырмалардың мазмұны таңдалған;

- информатика бойынша критериалды тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесі әзірленген, оның оқыту әдістемесіне әсері негізделген.

2) *диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы:*

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (2012 жылғы 25 маусымдағы №832 бұйрық). Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Информатика» пәні бойынша жаңартылған мазмұн бойынша типтік оқу бағдарламасы (2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрық). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 Бұйрық). Білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін бекіту туралы (2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрық).

3) *диссертациялар нәтижелерін практикалық іс-әрекетке енгізу деңгейін талдау*

Информатика бойынша критериалды тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауды ұйымдастыруға арналған деңгейлік тапсырмалар жүйесінен тұратын «Информатикадан оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау тапсырмалары» атты әзірленген оқу-әдістемелік құралын жалпы білім беретін мектептердің информатика мұғалімдері, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде қолдана алады.

5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікірлердің мысалдарымен).

Рецензенттер ретінде информатика және білімді ақпараттандыру салаларына үлес қосқан ғалымдар тағайындалды.

М.И.Ревшенованың диссертация рецензенттері бойынша мәлімет:

Балықбаев Такир Оспанұлы – п.ғ.д., ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығының директоры, Алматы, Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02; 13.00.01);

Туенбаева Калима Төлеубайқызы – п.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02).

Е.Х.Жабаевтың диссертация рецензенттері бойынша мәлімет:

Тәжісұлова Альмира Избасарқызы – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» (ҰАО), Алматы, Қазақстан (мамандығының шифры 13.00.02);

Нұрманова Салима Аважанқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан (мамандық шифры 13.00.02).

С.Авдарсольдің диссертация рецензенттері бойынша мәлімет:

Токжигитова Нургуль Каирбаевна – PhD, «Торайғыров университеті», Павлодар, Қазақстан (мамандық шифры: 6D011100-Информатика);

Ниязова Гүлжан Жолаушықызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Кентау, Қазақстан (мамандық шифры: 13.00.02);

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.


- диссертацияларды қорғауға жіберетін бітіруші кафедралар зерттеу жұмысының сапасына және қорғауға қажетті құжаттарға ерекше назар аударуы керек.

7. Мамандықтар бөлінісінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны (кадрлар даярлау бағыттары):


	6D011100-Информатика
Қорғауға қабылданған диссертациялар	3
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарынан);	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының)	-
Рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-


Диссертациялық кеңестің төрағасы


(қолы, тегі және аты-жөні)



Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы


(қолы, тегі және аты-жөні)



«30» желтоқсан 2022 жыл